

Ақжар ауданының жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 маусымдағы N 32-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 шілдеде N 13-4-125 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы N 20-1 шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 29.01.2014 N 20-1 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылдың 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 56-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ақжар аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Ақжар аудандық жеке санаттағы мұқтаж болған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетілісін :

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштаразға келуге, ай сайын 1000 (бір мың) теңге көлемінде;

2) Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тіс протездеуге мұқтаж тұлғаларға, бір жылда бір реттен артық емес тіс протездеу құнының көлемінде (құнды металдар мен металлопластика, металлокерамика, металлоакрилдардан басқа);

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға; және тағы басқа тұлғаларға жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға; көп балалы аналарға «Алтын Алқа», «Күміс Алқа» немесе ертеде «Ардақты ана» атағына ие болған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендарымен марапатталғандарға; Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбек сіңірген үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға; «Кеңес Одағының Батыры», «Халық-Қаһарманы», «Социалистік Еңбек Ері», Даңқы ордені кавалерлері, I, II, III дәрежелі Еңбек даңқы ордені атағына ие

болған тұлғалары; Чернобыль атом электростанциясы 1988-1989 жылды болған апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, Қазақстан Республикасына иеліктен айыру аймағынан көшірілген (дербес кеткен) адамдарға, сонымен қатар көшірілген кезде тумаған балаларға; Ұлы Отан соғысында апат (опат болған, хабарсыз жоғалып кеткен) болған жауынгерлердің қайта неке қимаған жесір қалған әйелдеріне; Ұлы Отан Соғыс жылдарында қайраттылық және мінсіз әскери қызмет үшін бұрынғы еңбек Кеңес Социалистік Республикалар Одағының орден мен медалдармен марапатталған тұлғалар және 1941 жылдағы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр күніне дейін алты айдан кем емес Ұлы Отан Соғысындағы тылда жанкешті еңбек сіңірген үшін, жұмыс істеген (қызмет еткен) Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендары және медалдармен марапатталмаған тұлғаларға; саясаттық репрессиядан зардап шеккен, саясаттық репрессиядан құрбан тұлғаларға, мүгедектігі бар және зейнеткерлерге; барлық топтағы мүгедектерге; жылына бір рет емдеу құны мөлшерінде, түгел санаттағы мүгедектерді санаторлық-курорттық емделуге;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға; және тағы басқа тұлғаларға жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға; көп балалы аналарға «Алтын Алқа», «Күміс Алқа» немесе ертеде «Ардақты ана» атағына ие болған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендарымен марапатталғандарға; Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбек сіңірген үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға; «Кеңес Одағының Батыры», «Халық-Қаһарманы», «Социалистік Еңбек Ері», Даңқы ордені кавалерлері, I, II, III дәрежелі Еңбек даңқы орднеі атағына ие болған тұлғалары; Чернобыль атом электростанциясы 1988-1989 жылды болған апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, Қазақстан Республикасына иеліктен айыру аймағынан көшірілген (дербес кеткен) адамдарға, сонымен қатар көшірілген кезде тумаған балаларға; Ұлы Отан соғысында апат (опат болған, хабарсыз жоғалып кеткен) болған жауынгерлердің қайта неке қимаған жесір қалған әйелдеріне; Ұлы Отан Соғыс жылдарында қайраттылық және мінсіз әскери қызмет үшін бұрынғы еңбек Кеңес Социалистік Республикалар Одағының орден мен медалдар мен марапатталған тұлғалар және 1941 жылдағы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр күніне дейін алты айдан кем емес Ұлы Отан Соғысындағы тылда жанкешті еңбек сіңірген үшін, жұмыс істеген (қызмет еткен) Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендары және медалдармен марапатталмаған тұлғаларға; саясаттық репрессиядан зардап шеккен, саясаттық репрессиядан құрбан тұлғаларға, мүгедектігі бар және зейнеткерлерге; барлық топтағы мүгедектерге аудандық бюджетте қаралған қаражат шамасымен,

толықтыру өлшем ретінде жылына бір рет материалдық көмек көрсетілсін.

5) Аз қамсыздырылған отбасылардан шыққан (ең төменгі күн көріс төмен табысы бар) студенттермен мемлекеттік көпшілік білім грант иегері бола алмай қалған жетім балаларға жоғары, орта-арнайы оқу орнында және кәсіби–техникалық мектептерде күндізгі және сырттай оқытуға оқу құны мөлшерінде төлеу үшін;

6) Медициналық білімі бар және ауылда үш жыл бойы жұмыс істеуге Ақжар ауданына келген мамандарға әр қайсына бір жолғы 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде;

2. Анықталсын:

1) Ұлы Отан Соғысына қатысушылар мен мүгедектері ай сайын моншаға және шаштаразға баруға әлеуметтік көмек, арыз берген айдан тағайындалады және арыз берушінің аудан шекарасына шыққанда немесе қайтыс болумен аяқталады. Белгіленген жағдайлар болған кездегі айдан келесі айдан төлем тоқтатылады;

2) Аудандық бюджетімен қарастырылған қаражат көлемінде, тіс протездеуге лицензиясы бар, медициналық ұйымымен іске асырылады, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тіс протездеуге мұқтаж тұлғаларға тағайындалады, тіс протездеу құнының көлемінде (құнды металдар мен металлопластика, металлокерамика, металлоакрилдардан басқа);

3) Әлеуметтік көмек, уәкілетті орган берген тізімі бойынша әлеуметтік көмек алушының есеп шотына екінші деңгейдегі банк немесе «Қазпошта» АҚ филиалынан аудару арқылы берілсін деп анықталсын.

4) Әлеуметтік көмек көрсетуге арналған қаржыландыру шығыстары сәйкестік бюджетімен көзделген сома шегінде 451007000 «Жергілікті өкілдік органның шешімі бойынша жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек»

5) Ақжар ауданының жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын;

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақжар аудандық мәслихатының 2012.08.08 N 5-3 Шешімімен (бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы А. Прокофьев

Ақжар аудандық

мәслихат хатшысы

М. Жұмабаев

КЕЛІСІЛГЕН: 2011 жылғы 27 маусым

«Ақжар аудандық жұмыспен
камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы С. Мұқалықова

«Ақжар аудандық экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Р. Жүнісова

Ақжар аудандық мәслихаттың
2011 жылғы 27 маусымдағы
№ 32-3 шешіміне қосымша

Ақжар ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі

Ескерту. Шешімі Қосымшамен толықтырылды - Ақжар аудандық мәслихатының 2012.08.08 N 5-3 Шешімімен (бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

1. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар:
әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұлғаның өтініші (одан әрі өтініш иесі);
өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
Ұлы Отан соғысына қатысушы, мүгедегі немесе олардың жеңілдіктері мен кепілдіктеріне теңестірілген тұлғалардың, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған және «Ардақты ана» атағын алғандарға, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға, «Кеңес Одағының Батыры», «Социалистік Еңбек Ері», үш дәрежелі Даңқы орденінің кавалері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің кавалері атағына ие болған, Чернобыль атом электростанциясында 1988-1989 жылда болған апат зардаптарын жоюға қатысқан, Қазақстан Республикасына иеліктен айыру аймағынан көшірілген (дербес кеткен) адамдарға, сонымен қатар көшірілген кезде тумаған балаларды қоса, тұлғалардың куәлігінің көшірмесі;
зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі;
өтініш иесінің жеке шотының көшірмесі;
салық төлеуші нөмірінің көшірмесі;
мүгедектің тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
әлеуметтік көмек көрсетілгенде мүгедектерге санаторлық-курорттық емделуге мүгедектігі туралы анықтамасының көшірмесі мен санаторлық-курорттық картасы;
медициналық оқу мекемесінің жолдауының көшірмесі;

әлеуметтік көмек көрсетілгенде тіс протездеуге көрсетілген қызметтердің құны туралы медициналық мекеменің шот-фактурасы;

Чернобыль атом электростанциясында 1988-1989 жылда болған апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдардың қатарынан, Қазақстан Республикасына иеліктен айыру аймағынан көшірілген (дербес кеткен) адамдарға, сонымен қатар көшірілген кезде тумаған балаларға қорғаныс жөніндегі бөлімінен анықтама;

АХАТ бөлімінен анықтама;

отбасының құрамы туралы анықтама;

отбасы мүшелерінің табыстары туралы мәлімет;

білім туралы құжатының көшірмесі;

кешенді тестілеу қорытындысының белгіленген үлгісінің сертификаты;

оқу мекемесімен оқыту құны туралы шарт;

жұмыс орнынан анықтама;

2. Құжаттар толық қабылданған күні құжаттардың түпнұсқасы салыстырылып тексерілгеннен кейін өтініш иесіне қайтарылады, ал құжаттардың көшірмесі куәландырылып, іске түзіледі.